

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Заттар қандай болады?

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.01.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/66831/>

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 4

Бөлім: Заттар және олардың қасиеттері

Мектеп: №153 Ш.Есенов атындағы мектеп- лицейі

Мұғалім: Усенбекова Мадина Батырхановна

Қатысқандар саны:

Қатыспаған оқушылар:

Күні: 20.11.2019ж

Тақырыбы Заттар қандай болады?

Оқу мақсаты 4.3.1.1 заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау;

4.1.2.2алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну.

Сабақтың мақсаты заттың қасиетіне байланысты қайда қолданылатынын анықтайды;
заттардыңқалайөзгеретінін, оған не әсерететінінтүсінеді.

Бағалау критерийі заттың қасиеттерін сипаттайды;

заттың қасиетіне байланысты қайда қолданылатынын анықтайды;

заттың қолданылуына өздігінен мысал келтіреді;

заттың өзгеруіне өздігінен мысал келтіреді;

Тілдік мақсат

Пәндік терминология мен тірек сөздер

таза зат, қоспа, балқу, қайнау

Құндылықтар Еңбек пен шығармашылық, өмір бойы білім алу. Өзара сыйластық, ынтымақтастықта жұмыс істеу. Өз денсаулығын күту және саламатты өмір салтын сақтау.

АКТ қолдану дағдылары Таныстырылыммен жұмыс

Алдыңғы меңгерілген білім Заттарды, денелерді сипаттай алады, қасиеттерін біледі.

Сабақ барысы

Жоспарланған уақыт Сабақта жоспарланған іс-әрекет Ресурстар

Сабақтың басы

I.Ұйымдастыру.

Сәлеметсің бе, Күн Ана!

Сәлеметсің бе, Жер Ана!

Сәлеметсің бе, Көгілдір аспан!

Сәлеметсің бе, сен!

Сәлеметсің бе Мен!

1 «Жедел жауап»

.Ойын: «Галареяға саяхат»

Зат Дене

ағаш үстел резеңке дөңгелек машина темір жүн терезе шыны

Зат деген не?

Дене деген не?

Зат – дененің құраушысы. Бір заттан әртүрлі дене жасауға болады, сол сияқты денені әртүрлі заттан жасауға да болады. Мысалы, ағаштан орындық, үстел, төсек, т. б. үй жиһаздары жасалса, үстелдің өзі әртүрлі заттардан (шыныдан, пластиктен, пластмассадан, темірден, т. б.) жасалуы мүмкін.

Мына сызбаларға қарайық:

?

құм, саз, су, ауа, минералды тұздар, қарашірік

?

азот, оттегі, көмірқышқыл газ

-Диаграмма мен сызда жасырылған заттарды табуға не көмектесті?

-Осындай түрлі заттардан құралатын заттарды қалай атауға болады деп ойлайсың?

-Әртүрлі заттарды бір-біріне қоссақ, не болады?(қоспа)

Сабақтың тақырыбын, мақсатын айқындау.

сөздер, суреттер

Ауа құрамы диаграммасы

Топырақтың құрамы сызбасы

Сабақтың ортасы

–Топтық жұмыс.

Құрамын анықта Суретпен жұмыс.

Екі ыдыстағы судың құрамын салыстыру.

— Екі ыдыстағы судың құрамында қандай ұқсастық пен айырмашылық бар?

— -Олар айырмашылығы ретінде бірінші ыдыстағы судың құрамы бір ғана заттан, ал екінші ыдыстағы судың құрамы екі түрлі заттан құралғанын және ұқсастығы ретінде екі ыдыстағы заттың құрамында су бар.

— Таза зат дегеніміз не?

— Қоспадегеніміз не?

Судың (қоспа) құрамында қандай заттар болуы мүмкін?(Таза заттың құрамында бір ғана зат, ал қоспаның құрамында екі не одан да көп зат болады.) Әрі қарай оқушылардың өздеріне таза заттар мен қоспаларға мысал ойлап табуды ұсынамын. Мысалы, «Балмұздақ қандай зат, оның құрамында не бар?» – деп сұрақ қоямын.

Білімді аралық бекіту.

«Броундық қозғалыс» Қабырғадағы мәтінді оқу.

Мәтіндегі ақпаратты айту.

ҚБ. Бір- бірін бағалау.

Зерттеу жұмысы.

Шағын топтар құру. Ресурстар мен зерттеу нәтижесін тіркейтін парақтар мен маркерлер таратып беру. Зерттеу нәтижесін тіркеу түрін өздері таңдайтынын ескерту.

Зерттеу жұмысын жүргізуге арналған нұсқаулықпен таныстыру.

1. Ресурстарды зерделеу.

2. Темір сынықтары мен ағаш ұнтағын араластыру.

3. Темір сынықтарын ағаш жаңқаларының арасынан магниттің көмегімен бөліп алу.

4. Нәтижені тіркеу, аралық қорытынды жасау.

5. Лимон қышқылын стақандағы суға салу, қасықпен араластыру.

6. Лимон еріген суды зерделеу.

7. Лимон қышқылын судан бөліп алуға тырысу.

8. Нәтижені тіркеу.

9. Қорытынды жасау.

Темір мен ағаш ұнтағы қатты қоспаларға жатады. Темірді магнитпен тарту арқылы оңай бөліп алуға болады. Лимон қышқылы сумен араласады. Оны судан бөліп алу мүмкін емес. Тәжірибе нәтижесінде оқушы-лар қоспаның құрамындағы кейбір заттарды бөліп алуға болатыны, кейбір заттардың бөлініп алынбайтыны туралы қорытынды жасайды.

Жұптық жұмыс

Үдерістер.

— Темірден жасалған бірнеше затты көрсету.

— Пішіндері неге әртүрлі?

— Оларды қалай жасайды?

— Ірімшік қалай жасалады?

— Балмұздаққа не болды?

— Барлық затты балқытуға (ерітуге, қайнатуға) бола ма?

Тапсырма: Балқитын, еритін, қайнайтын денелерге мысал келтіру.

Қорытындылау (Заттың балқуы, еруі, қайнауы оның қасиетіне жатады).

ҚБ. Өзара бағалау.

Ойлан. «Қымыз таза зат па әлде қоспа ма?» сұрағына бойынша талқылау.

— Қымыз пайдалы ма?

— Біз оны неліктен денсаулыққа пайдалы деп айтамыз?

— Оның құрамында дәрумендер бар ма?

— Тағы нелер болуы мүмкін? (жылқы сүті, майлар, нәруыздар, қант, минералды заттар).

Сондықтан қымыз қоспа затқа жатады.

Сен білесің бе? (видео көру)Сабынды қалай жасайды немес сабынның құрамында нелер болуы мүмкін? Талқылау. Ерте заманда алаботада сабын жасау туралы әңгімелеу.

.

«Заттар қандай болады?»

Теңіз суы: су және әртүрлі тұздар.

Құрт: ашыған сүт және тұз.

Наурызкөже: ет, су, тұз, түрлі жармалар, айран.

Артық сөз.

Жауабы: А) Дистильденген су; Ә) Оттек.

ҚБ. Мұғалімнің«Білім ағашына» смайликтер арқылы бағалау

Сурет

Кесте

Үлестірме парақшалар,

қағаз қыстырғыштар, шегелер, стақандар, магнит, араластыруға арналған таяқша немесе қасықша

Оқулық

парақшалар

Сабақтың соңы

Рефлексиялық кезең.

1.«Бір қадам алға» ойыны

2. «От»

Мен үшін Барлығын Түсінбегенім бар
түсініксіз түсіндім

Кері байланыс стикері

Қосымша ақпарат

Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы

- Жұптау бойынша саралау
- Сұрақ қою арқылы саралау

• Тапсырмалар беру ойынша саралау:

-Оқушылардың ақпаратты қабылдауына байланысты тапсырмалар ұйымдастыру

Қалыптастырушы бағалау құралдары:

-Мұғалімнің ауызша кері байланысы (мадақтау, қолдау сөздер айту);

— жұптардың өзара бағалауы;

— өзін өзі бағалау;

— мұғалімнің смайликтермен бағалауы -оқушылардың жауаптарын, іс-әрекеттеріне бақылау жүргізу;

-оқушылардың жазбаша кері байланысы -Сабақ барысында әрекеттер жиі ауыстырылады;

— қауіпсіздік ережелерін сақтауға назар аударылады.

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақ мақсаттары дұрыс қойылған ба?

Оқушылар оқу мақсаттарына қол жеткізді ме?

Оқу мақсаттарына қол жеткізілмесе себебі неде?

Ынтымақтастыққа қол жеткізілді ме?

Саралау бойынша жұмыстар дұрыс жүргізілді ме?

Уақыт кезеңдері дұрыс сақталды ма?

Жоспардан ауытқуларорын алды ма? Неліктен?

Қорытындылау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:

2:

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылар туралы келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетін білдім?

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.